

**Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
«Өзін-өзі басқару» ұйымының
2023-2024 оқу жылының жүргізілген жұмысына
талдау**

Қазақстан Республикасының білім және Ғылым Министрлігінің 15.02.2021 жылғы №1-18-4/566-И ҚР «Мектеп праламенті» білім аулшылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Қыркүйек айында 1-11 сыныптың 252/ екі жүз қырық бір/білім алушылардың 238 \екі жүз отыз сегіз/ оқушы Мектеп Парламенті президентін сайлау күніне қатысты.

Мектеп директорының 29.09. 2023 жылғы № 250 бұйрығы негізінде «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сайланды.

Мектеп президенті болып 9 «А» сынып оқушысы Бақтиярова Аяжан сайланды. Қыркүйек айында 5-11 сынып оқушылары үшін сынып жетекшілер сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымының сайлауын ұйымдастырды.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 20.09 №2/4216 шығыс хаты негізінде мұғалімдер күніне арналған мектептердегі білім алушылардың өзін-өзі басқару «Дублёр» күні ережесін басшылыққа ала отырып, мектеп директорының 29.09.2023 жылғы №252 бұйрығы негізінде өзін-өзі басқару жұмысы жоғары дәрежеде өткізілді.

25-қазан күні Қазақстан Республика күніне орай көшбасшылық қасиеттер арқылы оқушылардың өзін-өзі басқару құзыреттілігін жетілдіру» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. «Өзін-өзі басқару» ұйымының Президентінің анты және ұлықтау рәсімі өткізілді. Сонымен қатар, Мектеп парламентінің топ басшыларына оқушылар Парламентінің Ережесімен таныстырылды.

Мектеп директоры және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен екі айда бір рет 5-11 сынып оқушыларына ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы», «Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілер мен мектепшілік Ережелермен таныстырылды.

Қазан айында оқушыларға мектеп формасы ,мектеп ережесі туралы оқушыларға түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды.Сонымен қатар,фракция мүшелері,Қамқоршылық кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігінің ,полиция қызметкерлерінің ұйымдастырумен суық қару,мектепке тыйым салатын заттарды тексеру мақсатында түсіндіру жұмыстары мен рейд жүргізіліп отырды. «Құқықтық мәдениет» жобасы аясына 9-11 сынып оқушыларына «Қоғамдық тәртіп негіздері» дебат , «Құқықтық сауаттылық заман талабы»,т.б құқық тақырыбында іс-шаралар жүргізілді.

«Құқық және тәртіп» фракциясының топ жетекшісі Аманжол Саят 1-4 сынып оқушыларына «Жол ережелері»тақырыбында оқушыларды қатыстыра отырып , түсіндіру жұмысын өткізді.

Қазан айында мектеп парламентінің І-тоқсандық қорытындысы бойынша кезекті отырысы өткізілді.

8-11 сынып оқушыларына мектептің ішкі тәртібі,зиянды заттарды пайдаланбау,қоғамдық жұмысқа белсенділік таныту туралы жиналыс ұйымдастырылды.

«Ұстазыма мың алғыс»тақырыбында оқушылар шығармашылық кеш ұйымдастырды. Мектеп Президенті және фракция мүшелері ардагер ұстаздарға мерекелік концерт ұйымдастырды.

Қараша айында Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастырумен «Үздік көшбасшы-2023»байқауы өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша мектеп президенті Бақтиярова Аяжан ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Балдәурен-Щучинск» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының 2024 жылдың 02.02- 21.02 аралығында «PATRIOT.KZ» ауысымына мектебімізден Мектеп парламентінің белсенділері Бақтиярова

Аяжан,Нағашыбай Мадина,Кәрібай Салтанат,Кәрібай Талант, Хабибуллин Ильбатыр,Әлімұлы Қыдырәлі,Мақаналы Ақбота,Орманұлы Нұрсұлтан қатысып қайтты. 12-16 ақпан айында «Заңды білу-заман талабы»

тақырыбында құқық апталығы ұйымдастырылды. Апталықты құқық және тәртіп фракциясының топ жетекшісі 9 «Б»сынып оқушысы

Жаңабекова Аяжан лездеме кезінде оқушыларға «Бала құқығы» туралы ақпараттар берді. Наурыз айының 5-күні 8-10 сынып қыз балалар арасында «Ал, қанекей, қыздар!» сайысына қыз балалар қатысып, өз өнерлерін көрсете білді. 2024 жылдың 11-17 сәуір айында «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен экологиялық акция апталығы өткізілді. Апталық барысында «Экология-табиғат жүрегі» 7 сынып оқушылары экокеллендж ұйымдастырды. Биология пәнінің мұғалімдері 8 сынып оқушыларына «Гидропоника» әдісі арқылы көкөністерді өсіру әдістерін көрсетті. 1-4 сынып оқушылары мектеп алуласындағы талдарға «Құстарға ұй сыйлайық» акциясына қатысып ұялар орнатты. 7-8 сынып оқушылары бөлме гүлдерін күтіп, баптаудың әдістері туралы практикалық жұмысқа қатысты. «Таза Қазақстан» акциясына 1-11 сынып оқушылары мен «Мектеп парламенті» ұйымы мектеп ауласына ағаш көшеттерін отырғызу жұмысына белсенді қатысты. «Мектеп ауласын көгалдандыру» акциясына 1-10 сынып оқушыларын тарта отырып, сынып аралық гүлдер көшетін отырғызу жұмыстарын жүргізілді. «Қоқысты қайта өңдеу мүмкін бе?» тақырыбында жоба аудандық байқауына мектеп парламенті Бақтиярова Аяжан қатысып, жүлделі ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. «Адал ұрпақ» ерікті клубымен бірлесіп мектеп парламентінің оқушылары «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» «Алаяқтан сақтан!», «Зорлық зомбылқтың алдын алу» тақырыптары бойынша түрлі шараларға қатысып отырды.

Мектеп директорының

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



Амиртаева М.С